

Қараөзек бастауыш мектебі.

Тәрбие жұмысының сараптамасы

2021-22 оқу жылы

Қараөзек бастауыш мектебі бойынша 2021- 2022 оқу жылының басында оқу-тәрбие жұмысының жоспары құрылып, бекітілді.

Жаңа оқу жылы 1қыркүйек «Білім күні» мерекесімен басталды.

Мақсаты: «Білім күнін» және жаңа 2022 оқу жылының басталуын атап өту. Оқушыларды және ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтау.

Салтанатты жнылысты құттықтау сөзімен мектеп меңгерушісі Серғазина З.Қ . ашты.

«Алғашқы қоңырау» соғуын 3-сынып оқушысы Өміртай Ерлік пен дайындық сыныбының оқушысы –Омарова Наргиза-ға табыс етілді.

Келесі кезекте оқушылар дайындаған мерекелік бағдарламасы бойынша

өлең оқып, ән шырқады.

Ата-аналар да өз құттықтау сөздерін, тілектерін білдірді.



Салтанатты жиылыс аяқталған соң , сынып жетекшілер өз сыныптарында «Мен өз Отанымның патриотымын » тақырыбы бойынша тәрбие сағатын өткізді.

Тәрбие сағаттарының мақсаты: Жас ұрпақты отанды сүйеге, елімізді қастерлеуге тәбиелеу. Жас кезінен «Отанға» деген махаббатын арттыру, Өркенниетті еліміздің сауатты, салауатты азаматы болып өсу. Егеменді Қазақстан елін мақтан ету. Тәрбие сағатына ата-аналарда қатысты

Қыркүйек айында денсаулық мейрамына байланысты «Бірінші байлық-денсаулық» атты тақырыбы бойынша іс- шара өткізілді. Оқушыларға эстафеталық жарыстар ұйымдастырылды. Әр түрлі спорттық ойындар ойнаған оқушылар риза болды.

Ұстаздар күніне байланысты мектебімізде «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» тақырыбы бойынша ертеңгілік өтті. Мақсаты: Мұғалімнің еңбегін бағалау, сыйлап құрметтеуге тәрбиелеу. Ұстаздарды төл мерекесімен құттықтау.

Оқушылар ұстаздарын құттықтап өлең оқып, ән айтты.

Қазан айының басында «Алтын күз » мерекесі аталып өтті. Мақсаты: Оқушылардың күзгі табиғат ерекшеліктері туралы білімдерін тереңдету. Еңбекті, табиғат сұлулығын сезе білуге тәрбиелеу

Оқушылар күзге байланысты сурет салды, тақырыпқа байланысты өлеңдер оқылды. Әр түрлі жұмбақтар шешіліп, ойындар ойнатылды.

Соңында дастархан жайылып оқушылар аналарымен дайындаған күзгі салаттарын қонақтарға ауыз тигізді.

Бала тәрбиесіндегі ата-аналар маңызын арттыру мақсатында І-тоқсан соңында ата-аналар жиналысында «Отбасы – адам баласының алтын ұясы» тақырыбы бойынша ата-аналарға баяндама оқылды. Мақсаты: Баланы еңбек етуге ,жарқын сезімдермен нұрлы мұраттарға тәрбиелеу.Балаларды адамгершілікке, имандылыққа, адалдыққа, тату, мейірімді болуға тәрбиелеу.Әр балаға өзінің досының жақсы жақтарын үлгі тұтып, сол жақсы қасиеттерін көріп өз бойына сіңіре білуге және өз досын дұрыс танып білуге үйрету.

Әр пәннен бөлім аяқталғанда оқушылардан БЖБ алынып,білім,білік дағдылары тексеріліп тұрады. Тоқсан соңында ТЖБ алынды. 2

сыныпта

2 оқушы, екеуі де жақсы деген көрсеткіштер көрсетті. 3


сыныпта 2 оқушы оқиды. Оның 1-еуі жақсы, 1 оқушы қанағаттанарлық деген бағаман аятады. I-тоқсанды оқушыларымыз жақсы нәтижемен аяқтады.білім сапасы 75 % құрады.

II-тоқсан басында «Менің Отаным –Қазақстан» атты тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: оқушыларды ұлтжандыққа, имандылыққа тәрбиелеу.Оқушылар мәнерлеп олең оқыды, өз еркімен олең шумақтарын шығарды.сахналық көрініс көрсетті.

Қараша айының басында Бірлестік орта мектебінен әдістемелік көмек көрсету мақсатында мұғалімдер келіп кетті.Олар мектеп құжаттарын, күнделік сайтының толтырылуын көріп, қажет ақыл кеңес беріп кетті. Сабаққа қатысты және де орыс тілінен сабақ үлгісін көрсетіп кетті.

Желтоқсанның 2 аптасында 3 сыныпта қазақ тілінен Пысықтау тақырыбына арналған ашық сабақ өтті.Мұнда оқушылыр өткен тақырыптар бойынша білімдерін көрсетті.

Тәуелсіздік мерекесіне байланысты мектебімізде түрлі шаралар өткізіліп тұрды.Мектеп іші мерекеге сай безендірілді.Сынып сағаттары, ашық сабақтар ,сурет сайыстары т.б өтті.



16 желтоқсан күні Тәуелсіздік күніне байланысты «Тәуелсіздік жетістіктері» атты салтанатты жиылыс өтті.

Мақсатты: Оқушылардың бойында отансүйгіштік сезім ұялату, ҚР Тәуелсіздік кезіндегі жетістіктерімен таныстыру

Қазақстан елінде және басқа елдерде де әрқашан тыныш бейбіт өмір болсын деген ниетпен оқушылар салтанатты жиылыс соңында «Ақ көгершін» әнін орындады.



Одан кейін « Ас атасы – нан» атты сынып сағаты өткізілді . Тәрбие жұмысының мақсаты: Нанды қадірлеу, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, нақыл сөздердің тәрбиелік мәнін түсіндіру



И-тоқсан білім сапасы 75 %құрады. Жалпы мектеп бойынша 1 үздік,2 жақсы және 1 қанағаттанарлық деген бағаман аяқтады.

I-жартыжылдық білім сапасының қортындысы бойынша 75 пайыз

Дайындық сыныбына келетін болсақ ,оқу жылының басынан бастап оқушыларымыз қолдарына қалам алып алғашқы жазу тәсілін меңгере бастады. әріп танып,оқуға да кірісті.1-10 дейін санауды және кері санауды үйренді.Әр түрлі тақпақ жаттап,ертегі айтып,ән айтып үйренуде.

Әрі қарайда оқушыларымыз көп білім алады деп сенеміз.

Наурыз айында мектебіміз Аналар күніне арнап «Ана –өмір шуағы » атты мерекелік концерт өтт. Оқушылар ән айтып,би биледі. Концерт соңында өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын аналарына сыйлады. Келген қонақтар,ата-аналар риза болды.



Көп ұзамай барлығымыз күткен 22наурыз Ұлыстың ұлы мейрамы да келіп жетті. Бұл мейрамға үлкен мерекелік бағдарлама құрылды. Барлық ауыл тұрғындары ат салысты. Әр түрлі ұлттық ойындар ұйымдастырылды. Мысалы: Қазақтың «аударыспақ» ойыны, қол күрес және «жебе» ойындары ойнатылды. Сонымен қатар балалар арасында да ойындар өткізілді. Жеңген жеңімпаздар марапатталды.

Оқушылардың көктемгі демалысы ұйымдастырылды. ІІІ тоқсан соңында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жылдағы дәстүр бойынша дайындықсыныбында «Біз нені үйрендік?» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізілді. Дайындық сынып оқушылары сабаққа келген қонақтарға бір жыл бойы үйренгендерін көрсетті. Әліппе оқыды, есептер шығарды, сөздер жазды, көрініс қойылды. Сабақта әртүрлі ойындар ойнатылды. Сабақ жақсы өтті ата-аналар өз тілектерін ризашылығын білдірді.



Оқу жылының соңында жазғы мектеп маңындағы жоспар құрылды. Ата-аналарға жиналыс өткізілді.

25 мамыр күні сағат 11.00де «Соңғы қоңырау» мерекесі өтті. Мектеп залы безендіріліп,баннер ілінді.Оқушылар мектепке,ұстазға байланысты өлеңдер,әндер айтты. Мектеп меңгерушісі Серғазина З.Қ құттықтау сөзін сөйледі оқушыларға мақтау қағаздарын табыс етті.



II жартыжылдық қорытындысы бойынша:

3 сынып: Өміртай Ерлік- «4»

2сынып : Қайырқожа Әли - «5»

2 сынып: Өміртай Ақнұр – «4»


20021-2022ж үш оқушымыз «жақсы» деген бағамен аяқтады.

Негізгі пәндер бойынша жалпы білім сапасы келесі кестеде көрсетіледі.

Негізгі пәндері бойынша білім сапасы туралы жиынтық деректер

Қараөзек БМ	тоқсандар	Білім сапасы				Орыс т
		Әдеб.оқу	Қазақ тілі	Матем	Ағыл	
	1	100	75	75	75	75
	2	100	75	75	75	75
	3	100	75	75	75	75
	4	100	75	75	75	75
	жалпы	100	75	75	75	75

Қараөзек БМ	тоқсандар	Сыныпта р					Орыс т
			Әдеб. оқу	Қазақ тілі	Матем	Ағыл	
	1 тоқсан						
		2	100	100	100	100	100
		3	100	66	66	66	66
	2 тоқсан						
		2	100	100	100	100	100
		3	100	66	66	66	66
	3 тоқсан						
		2	100	100	100	100	100
		3	100	66	66	66	66
	4 тоқсан						
		2	100	100	100	100	100
		3	100	66	66	66	66
	Жалпы						
		2	100	100	100	100	100
		3	100	66	66	66	66



Келесі сыныпқа барлық оқушылар түгел дерлік көшірілді.

Келесі оқу жылында мектепте түрлі шарлар өткізіліп, оқушыларды белсене қатысуына және білім сапасын әрі қарай жоғары ұстауға бар күшімізді саламыз.

Мектеп меңгерушісі Серғазинава З.Қ